

"2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізу туралы" Қармақшы ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 28 наурыздағы N 79 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Қармақшы ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 30 қазандағы N 273 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2012 жылы 05 карашада N 4333 тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қармақшы ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 03 қаңтардағы N 333 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қармақшы ауданы әкімдігінің 2013.01.03 N 333 қаулысымен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і :

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", "Әкімшілік рәсімдер туралы" және "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес Қармақшы ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қармақшы ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 28 наурыздағы N 79 "2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде N 10-5-178 санымен тіркелген, 2012 жылғы 12 сәуірде "Қармақшы таңы" газетінде жарияланған) қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

Қаулының 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Аудандық әскерге шақыру комиссиясының құрамы осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес құрылсын.";

Қаулының 1-қосымшасының атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"Аудандық әскерге шақыру комиссиясының құрамы".

2. Осы қаулының орындалуына бақылау аудан әкімінің орынбасары **Ә. Ерсұлтановқа** жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қармақшы ауданы әкімінің
уақытша міндетін атқарушы* **Б. Сәрменбаев**

" К Е Л І С І Л Д І "

"Қызылорда облысының денсаулық

сақтау басқармасының Қармақшы
аудандық емханасы" шаруашылық жүргізу
құқығындағы мемлекеттік коммуналдық
кәсіпорны бас дәрігері
Нысанбаев Бақытжан Сағилатұлы

_____ "30" қазан 2012 жыл

" К Е Л І С І Л Д І "

"Қызылорда облысы Қармақшы
ауданының қорғаныс істері
жөніндегі бөлімі" мемлекеттік
мекемесі бастығы

Бердібеков Нұрдаулет Кежебаевич

_____ "30" қазан 2012 жыл

" К Е Л І С І Л Д І "

"Қазақстан Республикасы Ішкі Істер Министрлігі
Қызылорда Облыстық Ішкі Істер Департаментінің
Қармақшы аудандық Ішкі істер бөлімі"
мемлекеттік мекемесі бастығы

Утенов Берік Салайдинұлы

_____ "30" қазан 2012 жыл